# 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі № 87 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 5 мамырда № 7-12-107 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 23 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2012.01.25 № 23 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 " Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу "Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қосымшаға сәйкес аудандық әскерге шақыру комиссиясы құрылсын және аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамында аудандық медициналық комиссия құрылсын.

3. Қоса беріліп отырған азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

4. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Теректі аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) және Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Теректі аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) шақыру пункттерін жабдықтау, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медицина және шаруашылық мүлкімен қамтамасыз ету;

2) қызмет көрсететін персоналды медициналық қызметкерлердің қажетті санымен қамтамасыз ету.

5. "Теректі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) шақыру кезінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Селолық округтердің әкімдері:

1) әскерге шақырылушылардың шақыру пунктіне уақытында келуін;

2) шалғай жерлерде тұратын азаматтарды медициналық және шақыру комиссияларынан өту үшін жеткізуді және оларды әскери қызмет өткеру үшін жөнелтуді ұйымдастырсын.

7. "Теректі ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды дер кезінде және сапалы өткізу үшін ақша қаражатының бөлінуін қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. М. Сабировқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Аудан әкімі А. Утегулов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*_____________Кожангалиев А. И.*

*12.04.2011 г.*

*"Теректі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік*

*мекемесінің бастығы*
*______________Өтемісов Р. А.*

*12.04.2011 г.*

*Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Теректі аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры*
*______________Сагинов Д. С.*

*12.04.2011 г.*

*Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Теректі аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры*
*______________Утешев М. А.*

*12.04.2011 г.*

2011 жылғы 15 сәуірдегі № 87 қаулыға қосымша

**Аудандық әскерге шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ:**

Кожангалиев Абай Измагамбетұлы - Теректі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, әскерге шақыру комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)

Катабаев Гусман Куттубайұлы - аудан әкімі аппаратының бас маманы, әскерге шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары

Кульмуханова Ақмарал Рахимқызы - медбике, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

**Комиссия мүшелері:**

Жилгелдеев Берик Мажитұлы - Теректі ауданының ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Утешов Мадияр Амангелдіұлы - Теректі аудандық орталық ауруханасының директоры, медициналық комиссия төрағасы (келісім бойынша)

**Аудандық әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамы:**

Магзумов Нуржан Муратұлы - Әскерге шақыру және келісім-шарт бойынша жинақтау бөлімшесі бастығының аға көмекшісі, әскерге шақыру комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)

Ұябасов Бекжан Тәңірбергенұлы - аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық және кадрлық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі, әскерге шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары

Бурпиева Гүлнур Ғабдулбариқызы - медбике, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

**Комиссия мүшелері:**

Казин Игорь Николаевич - Теректі ауданының ішкі істер бөлімінің учаскелік полиция инспекторларының жұмыстарына басшылық ету және ұйымдастыру бойынша инспекторы (келісім бойынша)

Кубаев Бекзат Утегенұлы - дәрігер-хирург, медициналық комиссия төрағасы (келісім бойынша)

**Аудандық медициналық комиссия құрамы**

Медициналық комиссияның төрағасы, дәрігер;
Дәрігер-мамандар:
хирург
невропатолог
дерматолог
стоматолог
отоларинголог
терапевт
фтизиатр
эндокринолог
офтальмолог
психиатр
Медбикелер.

**Аудандық медициналық комиссиясының резервтік құрамы:**

Медициналық комиссияның төрағасы, дәрігер;
Дәрігер-мамандар:
хирург
невропатолог
дерматолог
стоматолог
отоларинголог
терапевт
фтизиатр
эндокринолог
офтальмолог
психиатр
Медбикелер.

2011 жылғы 15 сәуірдегі № 87 қаулымен бекітілген

# Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| № | Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі | сәуір | мамыр | маусым | қазан | қараша | ж е л - тоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | "Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі | 1, 4, 5, 6, 7, 8, 11, 12, 13, 14, 15, 18, 19, 20, 21, 22, 25, 26, 27, 28, 29 | 2, 3, 4, 5, 6, 10, 11, 12, 13, 16, 17, 18, 19, 20, 23, 24, 25, 26, 27, 30, 31 | 1, 2, 3, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 20, 21, 22, 23, 24, 27, 28, 29, 30 | 3, 4, 5, 6, 7, 10, 11, 1 2 , 13, 14, 17, 18, 19, 20, 21, 24, 25, 26, 27, 28, 31 | 1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 14, 15, 16, 17, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30 | 1, 2, 5, 6, 7, 8, 9, 12, 13, 14, 15, 19, 20, 21, 22, 23, 26, 27, 28, 29, 30 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК